

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. Рымғали Н. «Ай -қанатты арғымақ: Роман, новеллалар. – Алматы: Жалын, 1990 – 480 бет.
3. Шанин Ж. Арқалық батыр. Пьесалар мен мақалалар – Алматы: «Өнер – 21 ғасыр» қоғамдық қоры, 2017. – 384 бет

ӘОЖ 82.091

РАУШАНБЕК БЕКТІБАЕВТЫҢ «КҰДАЙДЫҢ ҚАРҒЫСЫ» ПАМФЛЕТІНДЕГІ ИНТЕРМӘТІНДІК СИПАТ

Асылбекова Дана Асылбековна
danagoy@outlook.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – PhD, аға оқытушы Ж.Т.Карипбаев

Кіріспе. Әдебиеттанудағы қазіргі өзекті зерттеу объектісі – мәтіннің шығу тегін анықтау мен оның басқа мәтіндермен байланысын зерттеу боп отыр. Структурализмдегі мұндай ұмтылыс М.Бахтиннің «Ауызша көркем шығармадағы мазмұн, материал және форма мәселесі» еңбегінен кейін кең етек жайды. Аталған еңбегінен кейін М.Бахтин мәтін мен ондағы мазмұн, форма тақырыптарына тереңірек тоқталып, «полифония» теориясын жасайды. Бұл теория жаңа мәдени контексте сөзге сілтеме жасау немесе пародияланған сөздердің қиылысуы негізінде пайда болатын тілдердің диалогы дегенді білдіреді. Дәл осы полифония ұғымынан «бөгде сөз» бен «диалог» философиясының негізінде әдеби туынды тіліндегі түрлілік түсінігі пайда болды [1]. М.Бахтиннің сөзінше, әрбір прозалық мәтінде диалог түрінде екі дауыс кездеседі, яғни микродиалог беріліп отырады. Оның «бөгде сөз» бен «диалог» теориясын әрі қарай дамытқан, постструктурализмнің өкілі Ю.Кристева болды. Ол 1967 жылы «интермәтін» терминін әдебиеттануға әкеліп, оған «кез келген мәтін дәйексөздер мозаикасы болып сап түзейді, кез келген мәтін тұтынатын өнім және басқа қандай да бір мәтіннің трансформациясы болып табылады» деген анықтама жасайды [2]. Бұл термин жалпы қысқа қайырғанда «мәтін ішіндегі мәтін» мағынасын береді. Ғалым Ю.Криставаның аталған тұжырымынан соң интермәтінділік хақында зерттеулер кең етек жайып, тармағы мен тарауы көбейді.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу үшін әлем әдебиеттану ғылымындағы структурализм, интермәтін мен оның айырым белгілеріне қатысты жазылған ғылыми еңбектер пайдаланылды. Зерттеу барысында терминдерді талдау, шығармаларды салыстыру, саралау және тарихи-типологиялық дәйектеу әдістері қолданылды.

Талқылау мен нәтижелер. Негізінен интермәтін постмодернистік мәтіндерді зерттеуге бағытталып отырды. Мәселен, постмодернизм зерттеушілері мен постструктуралистері М.Бахтиннің бұл тұжырымына әр қилы анықтама жасап, ғылымға қатысты ой-толғамдарды толықтыра түсті. Дәлірек айтқанда, диалогизм мен интермәтіндік теориясының ара-жігі Р.Барттың «автордың өлімі» постуляциясында анық көрінеді. Постструктуралист Р.Барт ғалым М.Бахтиннің «бөгде сөз» теориясын қолдағанмен, көркем мәтіннің конструктивті бірлігі ережесіне түбегейлі қарсы шығады. Ол автордың еркіне қарамастан, кез-келген мәтін қайталама деген тұжырымды алға тартады. Яғни барша мәтін жаңа емес, ескінің жамау қосындысы. Оның ойынша, әрбір мәтіннің бойында айқын, әрі жасырын дәйексөз сақталған. Интермәтіннің міндеті – сол дәйексөздерді табуда жатыр [3].

Жалпы алғанда әрбір мәтін алдыңғы мәтінге қатысты реакциядан тұрады. Интермәтіндіктің постструктурализмдегі айқын көрінісін Р.Барт былай деп түсіндіреді: «Әрбір мәтін интермәтін бола алады. Алдыңғы мәдениеттің мәтіндері мен қоршаған мәдениеттің мәтіндері азды-көпті танылатын формаларда әр түрлі деңгейде беріліп отырады. Әрбір мәтін ескі дәйексөздерден тоқылған жаңа мата. Мәдени кодтардың, формулалардың, ритм құрылымының, әлеуметтік идиомалардың үзінділері мәтінге сіңіп, өзара біте қайнасады» [3, 78]. Интермәтіндіктің осындай кең мағынадағы анықтамасы «бұрын жазылмаған жаңа

мәтін» деген ойдың жойылуына әкеліп, тиісінше «интермәтіннен өзге мәтін жоқ» («Il n'est pas de texte que d'intertexte») деген жаңа тұжырымды алға шығарды [4, 240]. Басқаша айтқанда, бүкіл әлем өзіндік бір бүтін мәтінге айналады.

Интермәтіннің түрлері ғылым дами келе жік-жікке бөлінді. Француз ғалымы Ж.Женетт 2 томнан тұратын «Фигураларда» интермәтіндікті бірқатар түрге жіктеп, әрқайсына түсінік береді. Олардың ішінде интермәтін, парамәтін, метамәтін, гипермәтін және архимәтін кірігеді. Ғалым бұл типтердің әрқайсына мынадай түсінік береді:

Интермәтін – бір мәтіннің ішінде көп мәтіннің болуы. Мәтін ішіндегі мәтіннің кірігуі. Оны цитата, аллюзия, плагиат және т.б. категориялар арқылы анықтаймыз;

Парамәтін – көркем мәтіннің шығарма атауына, эпиграфы және қорытындысымен байланыста болуы. Мәселен, мәтін мен оның тақырыбының байланысын анықтау парамәтіннің міндеті;

Метамәтін – өзі негізге алған, оған дейін жазылған мәтінді түсіндіру, сынау, әрі ескі мәтінді көрсете отырып, оған түсінік беру;

Гипермәтін – өзге мәтінді пародиялау, келемеждеу арқылы әдеби ойын жасау;

Архимәтін – әртүрлі мәтіндердің өзара жанрлық байланыс жасауы [5].

Интермәтіндік теориясы мен оның түрлеріне берілген анықтаманы айқындау үшін оған көркем мәтіндер арқылы мысал келтіруге болады. Мәселен Раушанбек Бектібаевтың «Құдайдың қарғысы» памфлетін интермәтіннің өзінен бөлек, оның ішіндегі гипермәтін типі тұрғысынан қарастыруға болады. Алғаш 2000-жылдары «Казахская правда» газетінде орыс тіліне аударылып жарық көрген қысқа памфлет антиутопиялық, әрі әлеуметтік фантастика жанрында жазылған. Қиял мен өмір шындығы қатар кездесетін памфлетте «Қазақ жерін орасан зор күш билеп, астан-кестенін шығарды. Қазақ деген қалың ел тым-тарақай, жан-жаққа тарыдай шашылып, көшіп жатты. Солтүстіктегілер Омбы, Тобыл, Томбы аймақтарына қарай жөнкілсе, оңтүстіктегілері өзбек, қырғыз ағайындарын паналады» деп басталатын абзацта халықтың паналайтын жері қалмай, қазақ жерін түгел су басып, жердің жоғалғаны жөнінде жазылады [6, 269]. Әуелде автор памфлетін экологиялық мәселелерді қамтыған оқиғадай баяндайды. Кейін оқиға бас кейіпкер Болаттың әңгімесіне ойысады. Мұхит жағалауындағы зәулім үйге қонақтап келген төрт азиялық жігітке үй иесі Болат қазақ елі туралы үлкен өкінішпен әңгімелеп береді. Оны автор мынадай сөздермен береді: «Міне, мынау кеңістік қазақ жері болатын, қазір қою көк бояумен баттастыра жағылған теңіз белгісі. Бір кездері аспанмен таласқан Алатауы, күлімдеген Бурабайдай көлі, Сарыарқадай кең даласы, Каспийдей теңізі, майысқан шыршаларға толы Алтайы мен елі әнге қосқан Сыр өзені бар еді. Мен бәрін бір күнде сатып жібердім» [6, 270]. Осылайша шығарма эко-прозадан алшақтап, капиталистік қоғамның кемшілігін бейнелейді.

Дегенмен Р.Бектібаевтың бұл әлеуметтік фантастикасы мәтін тұрғысынан да, идея тұрғысынан да қайталанғанын байқауға болады. Кейіпкердің туған жерін сатып жіберу желісі дәл осыған ұқсас мәтінде жапон прозасында кездеседі. Әйгілі жапон фантаст жазушысы Сакио Коматсудың (Sakyo Komatsu) 1965 жылы жазылған «Жапония сатылады» («Sell in Japan») әңгімесіндегі мотивке ұқсас. Ондағы басты кейіпкер Кома жапон аралдарын бір күнде қалай сатып жібергені жөнінде мұхит үстінде лайнердегі жас ғалымдарға әңгімелеп береді. Бұл туралы шығарманың мына үзіндісінен байқаймыз: «Знаете, мы сейчас как раз вошли в те широты, где некогда начиналось Японское море. Да... а сейчас все сплошь Тихий океан... Теперь здесь волны гуляют... А тридцать лет назад на этом самом месте возвышалась над морем Япония, изогнутая, как лук. Должно быть, сейчас мы проходим там, где были ее центральные районы или что-нибудь в этом роде... *Знаете, кто ее продал? Я! Чего уж теперь скрывать. Я, собственной персоной, этими вот руками*» [7, 219].

Интермәтінді қалыптастырған Ю.Кристева «Бахтин, сөз, диалог пен роман» мақаласындағы «Әрбір мәтін өзінен бұрынғы мәтіндермен байланысқа түседі» [2] деген тезисін есепке алсақ, мұндағы екі мәтін тікелей, әрі толыққанды байланысқа түсіп отыр. Шығармалар идеясын мәтін мәнінен бөлек компаративістік жағынан салыстырғанда

ұқсастығын байқау қиын емес. Екі мәтіннің де жалпы композициялық құрылымының ұқсауын, түйін сөз бен кейіпкерлер характері үндесуін қоса кеткен де жөн.

Мәселен екі шығарманың да басталуы қандай ұқсас болса, екі бас кейіпкер Болат пен алаяқ Команың образы да қатты ұқсас. Кома – алаяқтық жасаудан бөлек, өтірік айтудан да шебер. Ол экспорт пен импортты сылтауратып өз тұтынушыларынан аванс, салық, комиссия алып отырады. Кома тауардың орнына қоқыс салып жіберетін алып-сатар. Оны автор былай сипаттайды: «А я как-никак аферист, да еще с высшим образованием. И начал я оду во славу Японии, маленькой, но самой удивительной страны на свете. Слова из меня так и текли, как вода из водопроводного крана. Все замолчали слушают. А я говорю и сам умиляюсь-до чего же здорово получается» [7, 220]. Автор алаяқ Команы образ ретінде ашық сипаттаған. Ал Р.Бектібаевтың қысқа памфлетінде бас кейіпкер Болаттың образы аса айшықталмаған. Тек мына үзіндіде ғана жинақы образ болмаса да, Болаттың қаншалықты деңгейде ақшақұмар екенін аңғартады: «Елге бизнес деген жел келгенде, қаңбақша қалбалақтап Сарыарқа жерінен астанаға келген жас жігіт едім. Ол кезде қазақ тілін шала-шарпы білетінмін де, оны әрі қарай ана тілім ретінде меңгеруге тырыспадым. Қайта сол тілдің керегі бар ма деп үндеу тастадым. Шу дегеннен бизнесте ісім оңға басты, жоғарыдан көкелер табыла кетті. Сол жылдары ұшатын табақшалар да, ғарыштан келген келімсектер де көп жазылып, көп айтылып кеткен кез. Онан қашқан, бұдан қашқан, халқын сатқан надандардың қолына ақша тиіп, еңселерін көтеріп, өктемдік жүргізе бастаған заман. Мен де солардың бірі екенімді енді түсіндім ғой» [6, 271] деген бейнелеу ғана кездеседі.

Мұндай бейнелеуден соң екі алаяқ та өз туған жерлерін сатып алатын кейіпкерді кездестіреді. Екі авторда бұл мазмұн өте ұқсас. Жерлерді сатып алушылар – фантастикалық кейіпкерлер. С.Коматсу Жапонияны сатып алған «бақаға ұқсайтын адам» деп сипаттаса, Р.Бектібаев «орта жастағы ақ шашты кісі» деп бейнелейді. Соңында сол бақаға ұқсас адам да, орта жастағы кісі де өзгеғаламшарлық келімсек екені белгілі болады. Бұл сюрреалистік фантастиканың аздаған қосындысы деуге болады. Екі фантаст жазушының қиялындағы элеуметтік ғылыми-фантастика шығарманы сол жанрға енгізіп тұрған осы екі кейіпкер ғана. Шындап келгенде екі шығармада дистопиялық жанрдың сарқыншағы аса басымдықпен бейнелене қоймайды. Тек капиталистік қоғамның үрейінен, оның салдарынан туған философиялық мәнге ие шығармалар деуге болады. Автордың өзі де аталған памфлетіне қатысты айтқан пікірінде памфлеттің идеясына сипаттама беріп, декодің жасайды: «В фантастическом памфлете «Божья кара» вы пишете о воспитании патриотизма, сохранении истории и культуры... О «новых казахах», готовых продать все по частям и оптом... И вновь о молчаливом потворстве народа» деген сауалға автор жауабы берілген, «Когда до нас дошел ветер бизнеса, начался повсеместный бум. Процветали в основном, проходимцы и те, у кого в верхах родственники... на руку были баранья безмозглость и манкуртизм так называемой народной массы» [6, 435] дейді.

Сонымен шығарманың мәнін аша отырып, мәтін композициясы мен кейіпкерлердің сипатын интермәтін ретінде қарастырудан бөлек, шығарманы гипермәтін тұрғысынан талдап, оны дәлелдеу де қажет. Жалпы алғанда, гипермәтін деп отырғанымыз – бір мәтінді жаңа мәтін толықтай тармақтауы, не қайталауы. Бұл туралы Ж.Женетт түсініктеме береді. Ол «гипермәтін толығымен немесе жартылай алдындағы мәтінге бағытталады. Бағытсыз оның гипермәтін екені түсінікті болмайды» [8, 3] десе, ал орыс ғалымы К.В.Давыдова «гипермәтін деп отырғанымыз бұрын жасалған мәтіндер арасындағы қатынастар мен байланыстарды жалпылау, онда алынған мәтін (гипермәтіндік фрагмент) мазмұн мен форма тұрғысынан компоненттер жиынтығы болып табылады» [9, 59] деген тұжырымға келеді. Бұдан шығатын қорытынды, гипермәтін – алдыңғы мәтінді қайталауы мүмкін, оны өзінше өңдеп беруі мүмкін, я болмаса ескі мәтінге жаңа мәтін пародия жасауы да бек мүмкін. Гипермәтіндерді көп жағдайда плагиатпен шатастыру боп жатады. Плагиат оқырманға қолжетімді мәдени өрісті кеңейтудің орнына тарылтатындықтан, оны гипермәтін деп санауға болмайды.

Бір ерекшелігі гипермәтінді оқырманның өзі анықтауы кейбір жазушылардың шығармаларында мүмкін болмай жатады. Егер оқырманның автор секілді әдеби білім қоры

болмаса, «Құдайдың қарғысы» памфлетінің жапон жазушысына еліктеуден туған туынды екенін байқамас еді. Мұны гипермәтін тұрғысынан әдеби ойынға кіргізуге болады. Әдеби ойын деп отырғанымыз – көркем шығарма мазмұнында автордың біреудің сөзін немесе бір оқиғаны өз идеясына сәйкес өңдеп, көркемдеп жеткізуі [10]. Жалпы әдебиеттануда әдеби ойынның екі түрі кездесіп жатады. Бірі эрудициялық ойын болса, екіншісі шығармашылық ойын. Эрудициялық ойын деп шығарма мәтінінің әуелгі авторы мен тақырыбын табуды айтады. Егер автор өз сұхбатында бұл шығарманың мәні интермәтін ретінде алынғанын айтпаса, ескі мәтіннің трансформациясы екенін байқау мүмкін емес те болар еді (егер оқырман жапондық мәтінді оқымаған жағдайда). Бұл мәселе турасында жазушы Р. Бектібаев Сакио Коматсуға еліктеп жазғанын келтіріп, «Такой литературный прием фантастический памфлет – не нов. Были примеры в Японии – «Я продаю Японию» деп жазады [6, 435].

Осы тұста «Жапония сатылады» әңгімесінің авторы «өлгенін» айта кеткен жөн. Р.Барт «Автор өлімі» мақаласында «Классикалық сын ешқашан оқырманға қызықпады; классикалық сын үшін әдебиетте жазушыдан басқа ешкім болған жоқ. Ең аз дегенде, қоғам бізді жоққа шығаратын, елемейтін, атымызды өшіретін немесе бұзатын нәрсе үшін айыптайтын антифразиске алданып қалғымыз келеді. Бірақ біз білеміз: жазушы өзінің болашағына арнап хатты (шығарманы) сақтамауы үшін біз мына мифті ұсынамыз: оқырманның тууы автордың өлімімен төленуі қажет» [11, 391] деген нақты ұстанымына сәйкес, «Құдайдың қарғысы» мәтіні қалай өмірге келді, сол күйі «Жапония сатылады» әңгімесінің авторы өлді. Ал оның мәтіні әр оқырманның санасында өз өмірін сүріп кетті. «Оқырман» Р.Бектібаевтың санасында «автор» С.Коматсудың мәтіні басқаша көрініс тауып, оқиға қазақ даласына ауысып, «оқырман» Р.Бектібаев «авторға» айналып, өз жаңа мәтінін жазу арқылы гипермәтін жасап шықты. Бірақ Р.Барттың тұжырымына салсақ, «Құдайдың қарғысы» жазылған соң оның «авторы да өліп», тек оқырман туды. Демек Р.Барттың түсінігіндегі «оқырман-мәтін» рөлін есепке алсақ, оқырманға әдеби ойын ретінде памфлеттің түпкі, алғашқы мәтінін табу мүмкін болды. Ендеше «Құдайдың қарғысы» памфлеті гипермәтін ретінде мәтіннің белгілі бір автордың өзге шығармасында көрініс табуы принципін дәлелдеп тұр. Осы арқылы әдеби ойынның қағидасы да сақталды.

Жалпы орыс филология ғылымында гипермәтінді тілші ғалымдар жете зерттеген. Р.Бектібаев пен С.Коматсу әңгімелеріндегі гипермәтінді орыс зерттеушісі, тілші ғалым М.В.Масалованың «Гипертекстуальность как имманентная текстовая характеристика» еңбегіндегі мына тезиспен дәлелдеуге болады: «біріншіден, гипермәтін – бұл автордың санасында бар идеялар желісін ақпараттық кеңістікке тікелей көшіруден басқа ештеңе емес. Басқаша айтқанда, бұл мәтіндердің иерархиясы, я болмаса мәтіндер мозаикасы» дейді [12].

Көркем әдебиетте интермәтін теориясының да, оның ішіндегі пародиялық гипермәтін көп кездеседі. Қазақ әдебиетінде көп жағдайда гипермәтін шетел немесе орыс әдебиетінің классиктерінің мысалдарын аударуда жиі ұшырасып отырды. И.А.Крыловтың мысалдарын аударғанда А.Құнанбайұлы мен А.Байтұрсынұлы мысалдың логикалық желісін сақтай отырып, мысалдың соңын өз пайымынша тұспалдап аяқтайды.

Сондай-ақ Р.Бектібаевтың памфлеті әуел баста «Жапония сатылады» әңгімесінің желісін алғанмен, қазақ жазушысы да шығармасын өзінше тәмәмдады. Өз жерін сатқанына өкініштен өзегі өртенген Болат теңіз басып кеткен қазақ жерінде суға батып, қайтыс болады. Ал С.Коматсу бейнелеген алаяқ Кома алып лайнердегі жастармен сөйлесіп тұрып, жас буынға күлкілі боп естілген бұл оқиғаға күлудің өзі қисынсыз деген ойлармен ғана кейіпкер монологы түйінделеді.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, интермәтін теориясы қандай да бір шығарманың мәтіні плагиат не ұрланғанын қадағаламайды. Тек көркем мәтін ішіндегі үзіндінің қаншалықты дәйексөз ретінде қарастырылатынын көздейді. Интермәтін белгілі бір цитатаның, бүтін бір абзацтың шығу тегін іздейді. Тиісінше мәтін құрылымын ескі структурализмнің қағидасына сай зерттейді. Р.Бектібаевтың өзі памфлетін жапон жазушының шығармашылығынан алғанын ашық айтады. Сондықтан шығарманың интермәтін теориясынан нақты контекстін анықтау және оны дәлелдеу әлдеқайда оңайырақ болды. Жалпы алғанда салыстырмалы зерттеу үшін

интермәтін теориясының мәтіндерді талдау әдісі кең қолданысқа ие. Әдетте жазушылар әлем әдебиетіндегі шығармалардан идея мен мотив алғанмен, белгілі бір мәтінді иемденуі байқалмай жатады. Десе де Р.Бектібаевтың памфлетіндегі үзінділерде интермәтіндік теорияның негізгі принципіне сай мәтіндер мозаикасы айқын құралды. Осылайша қазақ жазушысының шығармасындағы жапон қаламгері С.Коматсудың мәтіні постструктуралист Р.Барттың «автор өлімі» тұжырымына сай жаңа қолданысқа ие болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Бахтин, М. М. Проблема содержания, материала и формы в словесном художественном творчестве / М. М. Бахтин // Эстетическое самосознание русской культуры: 20-е годы XX века : антология / Российский государственный гуманитарный университет; составитель Г. А. Белая. – Москва, 2003. – с. 211-229.
- 2 Кристева Ю. Бахтин, слово, диалог, роман. // Ю.Кристева // Вестник МГУ. Серия 9. Филология. № 1., 1995. – с. 97-124.
- 3 Barthes R. Texte //Encyclopedia universalis. Vol. 15. – Paris : 1973. – P. 78. Barthes R. Texte // Encyclopedia universalis. Vol. 15. – Paris : 1973. – P. 78.
- 4 Grivel Ch. Theses preparatoires sur les intertextes. Dialogizitat, Theorie und Geschichte der Uteratur und der schönen Kunste. – München, 1982. – 264 с.
- 5 Женетт Ж. Палимпсесты: литература во второй степени [Текст] / Ж. Женетт. – М: Наука, 1982. – 372 с.
- 6 Бектібаев Р. Өмір-күресуге тұрарлық: Әңгіме-повестер естеліктер мен пікір-тілектер. – Астана: Фолиант, 2009. – 360 б.
- 7 Комацу С. Продаётся Япония: [Рассказ] / Пер. З. Рахима // Продаётся Япония. – М.: Мир, 1969 – с.219-244.
- 8 Зенкин С. Преодоленное головокружение // Женетт Ж. Фигуры. – М.: Изд. им. Сабашниковых, 1998. – 22 с.
- 9 Давыдова, К. В. Гипертекстуальность как свойство художественного текста. – Армавир, 2006. – 205 с.
- 10 Ишанова, А.К. Поэтика литературной игры / А.К. Ишанова. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2007. – 400 с.
- 11 Барт Р. Избранные работы: Семиотика: Поэтика: Пер. с фр. / Сост., общ. ред. и вступ. ст. Г. К. Косикова. – М.: Прогресс, 1989. – 616 с.
- 12 Масалова, М. В. Гипертекстуальность как имманентная текстовая характеристика. – Ульяновск, 2003. – 123 с.

ӘОЖ 17.01

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕГІ КӨРКЕМ БЕЙНЕ

Ахмер Біржан Ермекұлы

birzhan.akhmer@mail.ru

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Әдебиеттану мамандығының докторанты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Ж.Ә.Аймұхамбет

**Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP14870245 – Ахмет Ясауидың «Диуани хикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар» атты гранттық жоба негізінде жазылды.*

Кіріспе. Көркем бейне (образ) – поэтикалық шығарманың маңызды бөлігі. Микроэлементтен құралған біртұтас бейне санаға «сәуле» түсіріп, белгілі бір ұғым бойынша тың ақпарат береді. Сөйтіп, қандай да бір заттың немесе құбылыстың сипаты, мінезі, болмысы анықталады. Осы мінез бен болмыс, оған қоса әрекет көркем бейнені (образды) айқындайды.

Д.Н. Ушакова өз сөздігінде бейнені бірнеше түрге бөлген: